

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы № 21

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК

Тобы: «Ақбота» әр түрлі жастағы тобы

Балалардың жасы: 3, 4, 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 15 қаңтар – 19 қаңтар 2024 жыл

Тәрбиешілер: Мусина Б.Ж

Бейсенова Ж.Ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 15.01.2024 | Сейсенбі 16.01.2024 | Сәрсенбі 17.01.2024 | Бейсенбі 18.01.2024 | Жұма 19.01.2024 |
|--|--|------------------------|------------------------|------------------------|--------------------|
| Балаларды қабылдау | Балаларды профқарау: дене қызуын өлшеу, қолдарын антисептикпен өңдеу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы аламыз, күннің қалай өтуі жайында әңгімелесеміз, олардың тілектерін тыңдаймыз (сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе! Қайырлы таң! | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен келесі сұрақтар бойынша жеке әңгімелесулер: баланың жағдайы, денсаулығы жайлы, баланың үйдегі күн тәртібі жайлы, тәрбиесі, дамуы және жеткен жетістіктері жайлы. Кеңестер беру. | | | | |
| Ойындар: үстел үсті, саусақ, сөздік, дидактикалық. Еңбек қызметі. | <p>Таңғы шеңбер (музыка тыңдау – шығармашылық әрекеті) Ашық болсын айымыз, Биік болсын туымыз. Тату болсын халықтар, Тату болсын балалар! <i>Қазақстан Республикасының Ән Ұраны</i> Әңгімелесу: «Көңілді қыс!» (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті, танымдық әрекеті) Мақсаты: қыс мезгілінің құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат бұрышындағы, ойын бұрышындағы еңбек. (Қоршаған ортамен танысу – еңбек әрекеті) Мақсаты: табиғат бұрышында қандай еңбек жасау керек екенін біледі. Балықтарды, гүлдерлі күтуде тәрбиешіге жан-жақты көмек көрсете алады. Апталық тақпақ: (көркем әдебиет – коммуникативті әрекеті) Балалар шықты далаға Ойнап, күліп жүр-енді! Шаналармен азады, Аққаланы соғады! Сөздік қоры: қаңтар, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз!</p> | | | | |
| Таңғы гимнастика | Кешен № 21 «Көңілді жаттығу» Мақсаты: баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, | | | | |

| | | | | | |
|--|--|---|---|--|---|
| | дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету. Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. (Физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті) | | | | |
| Таңғы ас | Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. Тақпақ: (қазақ тілі - коммуникативтік әрекеті, сөздік жұмыс: билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жанбыр, суық, ыстық, жылы) Ас - адамның арқауы, Тамақты ішкін күнде сен. Деген сөз бар ежелден, Белгілі бір мезгілде, Бойға сіңіп тарқауы (көркем сөзін қолдану) Сөздік қоры: рақмет! | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық | Ойын: «Көңіл күй» Міндеттері: демалыс күндерді қалай өткізді туралы сөйлем толық айту үйрету | Дид.ойын: «Қыс ерекшеліктерді ата» Міндеттері: сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру. | Дид.ойын: «Топтағы жануарларды жұппен қою» Міндеттері: жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді меңгерту | Дид.ойын: «Жануарларға қамқор боламыз» Міндеттері: жануарларға қайырымдылықпен қарауды, қамқор болуды үйрету | Дид.ойын: «Гүлдерді күтеміз» Міндеттері: табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау үйрету |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | 1. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет, ойын әрекеті) Ойын: «Үтіктің пайдасы» Міндеттері: коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету. Сөздік қоры: киімдерін | 1.(Сауат ашу негіздері - коммуникативті, танымдық әрекеті) – 5 жас Дид.ойын: «Менің атам жақсы адам!» Міндеттері: . Сөйлемді ауызша талдау Сөздік қоры: аяз 2. (Математика | 1.(Сауат ашу негіздері -коммуникативті, танымдық әрекеті) – 5 жас Ойын: «Менің әжем жақсы адам!» Міндеттері: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу Сөздік қоры: мұз 2. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік | 1.(Сауат ашу негіздері - коммуникативті, танымдық әрекеті) – 5 жас Ойын: «Менің сүйікті ойыным!» Міндеттері: Сөйлемді ауызша талдау Сөздік қоры: қар 2. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - | 1.(Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Дид.ойын: «Қазақ халқының ұлттық ойындары» Міндеттері: заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу; |

| | | | | |
|---|--|---|---|--|
| <p>ұқыпты жинау</p> <p>2. (Қоршаған ортамен таныстыру- танымдық іс-әрекеті) Дид. ойын: «Жұмыс» Міндеттері: әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, Сөздік қоры: көше</p> <p>3. (Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Дид. ойын: «Ұзын-биік заттар» Міндеттері: Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ретімен орналастыру Сөздік қоры: итерме</p> <p>4. (Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Ойын: «Менің жақсы көретін мультфильмым» Міндеттері: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін</p> | <p>негіздері – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Ойын: «Макарон» Міндеттері: заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру Сөздік қоры: таласпа</p> <p>3. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті, танымдық әрекеті) Ойын: «Жаналық» Міндеттері: Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, Сөздік қоры: топ</p> <p>4. (Дене шынықтыру- физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті) (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> | <p>әрекет, ойын әрекеті) Дид. ойын: «Менің қамқоршым!» Міндеттері: бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Сөздік қоры: жылы</p> <p>3. (Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Дид. ойын: «Пішіндер» Міндеттері: ені мен жуандығын анықтай білу Сөздік қоры: орындық</p> <p>4. (Дене шынықтыру- физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті) (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> | <p>коммуникативті, танымдық әрекеті) Дид. ойын: «Қыста не істейміз?» Міндеттері: балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға баулу Сөздік қоры: қаңтар</p> <p>3. (Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері.) Ойын: «Сандарды тап» Міндеттері: заттарды кеністікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) Сөздік қоры: қоныр</p> <p>4. (Дене шынықтыру- физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті) (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> | <p>Сөздік қоры: аяз</p> <p>2. (Қоршаған ортамен таныстыру- танымдық іс-әрекеті) Дид. ойын: «Этика» Міндеттері: қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу Сөздік қоры: суық</p> <p>3. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет, ойын әрекеті) Дид. ойын: «Жануар» Міндеттері: Артикуляциялық жаттығулар жасау; дұрыс әріптерді айтуды үйрету Сөздік қоры: қар</p> <p>4. (Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Дид. ойын: «Шаңсорғыш» Міндеттері: қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан</p> |
|---|--|---|---|--|

| | | | | | |
|------------------------------|---|---|--|---|---|
| | айтуға үйрету. Сөздік қоры: жақсы 5. (Музыка – шығармашылық әрекеті) (музыка жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша) | | | | сол жаққа. Сөздік қоры: оң, сол 5. (Музыка – шығармашылық әрекеті) (музыка жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша) 5 жас |
| № 1 серуенге дайындық | Серуен№21. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (Физикалық белсенділігін дамыту) | | | | |
| № 1 серуен | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Боранды күнді бақылау» Мақсаты: желді күнді қардың қозғалысы туралы түсінік беру. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақ жасырады: Жерді тырнап, бұтаны ыргап, Шөпті сипап, ұшады зырлап, Жанын қинап, ұлиды зарлап. (боран) Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды Ақ көрпесін жапты да, Аяз кенет аптыға, Айналаны үрледі, Ақ бораны гүледі. Зерттеу жұмысы Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түттерін | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Суықторғайды бақылау» Мақсаты: Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру; Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру. Зерттеу жұмысы Құстар ізін қарау. Оларды қарға мен жануарлар (мысық, ит) іздерімен салыстыру. Қандай айырмашылығы бар? Еңбек Ойын алаңын қардан тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу Қимылды ойын «Ұшты-ұшты». | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Қардағы құс іздерін бақылау» Мақсаты:қардағы құс іздерін тани білуге үйрету Бақылау барысы Еңбек Қардан қала тұрғызуға қар жинау. Мақсаты: Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру; Жұмысты жоспарлау. Қимылды ойын «Ізбе із». Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.. Жаттығу ойындары Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру.. Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту. | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Жеңіл көліктерді бақылау» Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту. Бақылау барысы Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев Бұзба көше тәртібін, Ұрынасын апатқа. Қызықты өтсін әр күнің, Жақын болма шатаққа. Көшеден өтер кезінде, Абайлап қара жан-жаққа, Келе жатқан көлікке, Жол бер, өтсін, асықпа! Еңбек | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Күнді бақылау» Мақсаты:Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру. Бақылау барысы Сұрақ-жауап Зерттеу жұмысы Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертен, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертен және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа). Еңбек Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. |

| | | | | | |
|-------------------------------|---|--|--|---|---|
| | <p>іздеп табу. Еңбек Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты: Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Желдірмен». Мақсаты: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау. Жаттығу ойындары Қимылдарды дамыту. Мақсаты: секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен). Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> | <p>Мақсаты: аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу Жаттығу ойындары «Қапшықтағы жемді жеткіз». Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Халық болжамы: Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> | <p>Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады. Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады. Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> | <p>Ауланы бірлесе отырып қардан тазалау. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу; жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету. Қимылды ойын «Бағдаршам». Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету. Жаттығу ойындары Ұзындыққа секіру . Мақсаты: Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> | <p>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Жердің күнді айналуы». Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту. Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту «Шығырыққа лақтыру». Мақсаты: мергендіктерін дамыту. Мақал-мәтел: Туған жердің күні де ыстық, күні де ыстық. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> |
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (еңбек әрекеті)</p> | | | | |
| <p>Түскі ас</p> | <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су,</p> | | | | |

| | |
|---|---|
| | <p>Мөлдір суға қолыңды жу»</p> <p>Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p> <p>Ереже:</p> <p>Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. <i>(сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті)</i></p> <p>Ас ішіп болғаннан соң бата айтуға қалыптастыру</p> <p>Тақпақ: (Сөйлеуді дамыту – шығармашылық коммуникативтік әрекеті)</p> <p>Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Ақ тілекті төгейін Дастарханым мол болсын. Уайым қайғы жоқ болсын Денге саулық болсын Әумин!Рақмет апайлар! <i>(мәдени дағдылар)</i></p> <p>Сөздік қоры: Рақмет!</p> |
| Күндізгі ұйқы | <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)</p> |
| Біртіндеп ояну, сауықтыру шаралары | <p>Кешен №21 (физикалық белсенділігін дамыту, музыка тыңдау – шығармашылық әрекеті)</p> <p>Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету</p> <p>Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды.<i>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</i></p> |
| Бесін ас | <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету.</p> <p>Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру.</p> <p>Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|--|
| | <p>Мен жақсы тамақандым, Сергекпін, күштімін. Көңіл күйім көтеріңкі, Өзімді жақсы сезінемін <i>(сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті)</i>. Тақпақ: (Сөйлеуді дамыту – шығармашылық әрекеті) Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Ақ тілекті төгейін Дастарханым мол болсын Уайым қайғы жоқ болсын. Сөздік қоры: рақмет!</p> | | | | |
| Ойындар, дербес әрекеттер | <p>6. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Дид.ойын: «Аю орманда» Міндеттері: балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру. Сөздік қоры: аю</p> | <p>5. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Дид.ойын: «Күс» Міндеттері: ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Сөздік қоры: күс.</p> | <p>5. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Дид.ойын: «Бояу» Міндеттері: жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк) бояуды араластыру арқылы шығару Сөздік қоры: көмектесу</p> | <p>5. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Ойын: «Алақан» Міндеттері: жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (қызғылт) бояуды араластыру арқылы шығару Сөздік қоры: қар</p> | <p>6. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) Ойын: «Шарф» Міндеттері: жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару Сөздік қоры: киім</p> |
| Баланың жеке даму картасы бойынша балалармен жеке жұмыс | <p>(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту- әлеуметтік қызмет) Сюжеттік ойын: «Кім, қандай әрекетте?» Міндеттері:</p> | <p>Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Дид.ойын: «Жұп суреттер»</p> | <p>(Математика негіздері– коммуникативтік, ойын әрекеті) Дид.ойын: «Тәулік бөліктерін ата» Міндеттері: Тәулік</p> | <p>(Қоршаған ортамен танысу - коммуникативтік, танымдық әрекеті) Дид.ойын: «Ағаштарды ата» Міндеттері: Ағаштар</p> | <p>(Қоршаған ортамен танысу - коммуникативтік, танымдық әрекеті) Дид.ойын: «Дала құстарын ата» Міндеттері: құстарды</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|--|
| | <p>ауылшаруашылық білімін анықтау және нақтылау. Баланың ойлау және зейін қою қабілетін дамыту. Құрдастарымен ойнауға құлшынысын арттыру.</p> <p>4 жас</p> <p>1. Амангелді Нұрасыл 2. Әліхан Аяна 3. Байгарина Медина 4. Султан Баян 5. Дмитриев Елизар</p> | <p>Міндеттері: бақылап-паздықты дамыту, зат пен суреттегі бейнелердің ұқсастығы мен айырмашылығын, «ұқсас», «бірдей», «әртүрлі» сөздерінің мағын асын терең түсіндіру</p> <p>4 жас</p> <p>1. Есет Дінмухаммед 2. Жақсыбаев Алан 3. Жанайдар Аружан 4. Жамкен Айзере 5. Курманбаев Аяр</p> | <p>бөліктері жайлы білімдерін бекіту, тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.</p> <p>3 жас</p> <p>1. Беркен Елхан 2. Нұғыман Карим</p> | <p>атау, өсімдіктерге кутім жасауға үйрету, олардың пайдасы және биік-аласа ұғымдарын ажырата білуді үйрету.</p> <p>Туған жерінің табиғатын қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу.</p> <p>4 жас</p> <p>1. Мұхиден Даулет 2. Нұрсейт Амина 3. Нұрмағамбет Нариман 4. Төлеген Айбике 5. Есмағанбетов Ансар</p> | <p>атай білуге үйрету. Жабайы құстардың қайда мекендейтінін, немен қоректенетінін түсіндіру</p> <p>5 жас</p> <p>1. Мухамеджанова Асия 2. Кекенова Амина 3. Нұрмагиден Алинұр 4. Төлеген Алпамыс</p> |
| <p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы</p> | <p>1. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті әрекеті) Дид. ойын: «Жылы киімдерім!» Міндеттері: суреттер арқылы сөйлемді құруды үйрету. Ермекұлы Ахмад</p> <p>2. (Қоршаған ортамен таныстыру- танымдық іс-әрекеті) Дид. ойын: «Суық ауа-райы!» Міндеттері: суреттер арқылы сөйлемді құруды үйрету Базарбек Ерасыл</p> | <p>1. (Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Дид. ойын: «Көрпелер!» Міндеттері: сәнді көрпелер неден жасалатынын таныстыру Ермекұлы Ахмад</p> <p>2. (Қоршаған ортамен таныстыру- танымдық іс-әрекеті) Дид. ойын: «Спорт кешені!» «Міндеттері: туған жерде спорт кешенімен таныстыру. Базарбек Ерасыл</p> | <p>1. (Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Ойын: «Мен ағама тартқанмын!» Міндеттері: есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ермекұлы Ахмад</p> <p>2. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті, танымдық әрекеті) Ойын: «Ғажайып дорба» Міндеттері: Қолмен сипап сезу әрекеттерін дамыту, жемістер жайлы білімін</p> | <p>1. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет, ойын әрекеті) Ойын: «Мақал-мәтелдер!» Міндеттері: баланың тілін дамыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ермекұлы Ахмад</p> <p>2. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті әрекеті) Ойын: «Көңіл-күйін ата» Міндеттері: Көңіл-күйін атай, ажырата білуге үйрету.</p> | <p>1. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті әрекеті) Дид. ойын: «Құрылысшы» Міндеттері: құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру Ермекұлы Ахмад</p> <p>2. (Құрастыру – танымдық әрекеті) Ойын: «Ертегі</p> |

| | | | | | |
|------------------------------|---|---|--|--|--|
| | | | біледі. Базарбек Ерасыл | Қадағалауға , дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу. Әр көңіл-күйінің дұрыс-бұрыс жақтарын айтып түсіндіру. Базарбек Ерасыл | кейіпкерлерінің жұбын тап» Міндеттері: «жүп» ұғымымен таныстыру. Базарбек Ерасыл |
| Кешкі ас | Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті) Нан қықымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет! | | | | |
| № 2 серуенге дайындық | Серуен№21. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (физикалық белсенділігін дамыту) | | | | |
| № 2 серуен | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Ағаштарды бақылау» Мақсаты: ағаштар туралы білімдері кеңейту, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев Жауған күні қар алғаш, Ағаштарды аядым. «Тоңбасын»- деп бұл ағаш, Орап қойдым аяғын. Сұрақ-жауап Зерттеу жұмысы | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Қарғаларды бақылау» Мақсаты: қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру. қарғалардың тіршілігін бақылау; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу Көркем сөз «Қарға» С.Сейфуллин Қарға, қарға, қарғалар, Көзден жасы сорғалар. Қар үстінде жорғалар. Қар үстінде жем көрсе, | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Қар ұшқындарын бақылау» Мақсаты: Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару; Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту. Бақылау барысы Көркем сөз «Суретші қыс» К. Нүсіпов Қонақтайды бақтарға, Ақ көбелек, ақ мамық. Аунап таза ақ қарға, Балалар жүр мақтанып. Тазарып бар кір, шаңнан, | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау» Мақсаты: Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Қарды бақылау» Мақсаты: Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев Қысым-ақ, қысым-ақ, Жібердің қысып-ақ, Қалмаспыз біз деген, Боранға ұшырап. Аппақ қар жауа бер. Риза гой саған ел. Боратты-ау бораным, Қайратын қарай көр. |

| | | | | | |
|--|--|---|---|---|---|
| | <p>Жазда бұта өскен жердегі қарды тереңдетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді.</p> <p>Еңбек Жауған қарды ағаш түбіне үю. Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Кім ағашқа бұрын жетеді?». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту. Жеке жұмыс: «Затты тап». Мақсаты: Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> | <p>Боран соқса қор болар, Капелімде қолға алар. Бұтаға келіп қорғалар. Екі шоқып, бір қарар, Қысып кетсе сары аяз, Дөп «жолымды» оңғарар.</p> <p>Зерттеу жұмысы Балабақша ауласынан құстар ізін іздеу, салыстыру</p> <p>Еңбек Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге баулу. Қимылды ойын «Пингвиндер доп ойнап жүр». Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: нысанаға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> | <p>Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет сала бастады. Д/О: «Ұқсас өрнекті тап».</p> <p>Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу</p> <p>Зерттеу жұмысы Алақандағы қар неге ериді? Қардың қай жерде, алақанда ма, алде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады? Еңбек: Қардан қамал тұрғызу Мақсаты: Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу; Бастаған істі аяқтауға үйрету. Қимылды ойын «Екі аяз» Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аудару білу дағдыларын дамыту. Жаттығу ойындары «Байқап өт». Мақсаты: заттар арасынан, оларды құлатпай ирелендеп жүруге үйрету. Сөздік қоры: тез киіну</p> | <p>Бақылау барысы Зерттеу жұмысы Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру</p> <p>Еңбек Алаңды қардан тазалау, қардан көше киілысын құрастыру</p> <p>Мақсаты: — Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету; — Еңбек дағдыларына тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аңшылар мен аңдар» Мақсаты: — Қозғалыс дағдыларын бекіту; — Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары «Көпірден өт». Мақсаты: теңе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Халық болжамы: Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> | <p>Біз батыл баламыз, Жылы үй, қорамыз. Ақ ұлпа қарыңнан, Аққала соғамыз.</p> <p>Зерттеу жұмысы Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге? Еңбек Сырғанаққа су себу Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету. Қимылды ойын «Екі аяз». Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру. Жаттығу ойындары «Кім алысқа секіреді?». Мақсаты: белгіленген жерге дейін екі аяқпен секіру. Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> |
|--|--|---|---|---|---|

| | | | | | |
|----------------------------|---|--|-------------------------------|--|--|
| | | | (шешіну), жолдасына көмектесу | | |
| Балалардың үйлеріне қайтуы | Ата-аналармен жұмыс: балалармен жасаған жұмыстар туралы әңгімелесу, тұмау ауруы бойынша кеңестер беру. Сөздік қоры: Сау болыңыз! | | | | |

12.01.2024 ж.

Мәтіндер тексерілді, келісі берілді.
Абдуқалим Абдуқалимова д.с.

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы № 22

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК
 Тобы: «Ақбота» әр түрлі жастағы тобы
 Балалардың жасы: 3, 4, 5 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 22 қаңтар – 26 қаңтар 2024 жыл

Тәрбиешілер: Бейсенова Ж.Ж
 Мусина Б.Ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 22.01.2024 | Сейсенбі 23.01.2024 | Сәрсенбі 24.01.2024 | Бейсенбі 25.01.2024 | Жұма 26.01.2024 |
|---|---|------------------------|------------------------|------------------------|--------------------|
| Балаларды қабылдау | Балаларды профқарау: дене қызуын өлшеу, қолдарын антисептикпен өңдеу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы аламыз, күннің қалай өтуі жайында әңгімелесеміз, олардың тілектерін тыңдаймыз (сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе! Қайырлы таң! | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен келесі сұрақтар бойынша жеке әңгімелесулер: баланың жағдайы, денсаулығы жайлы, баланың үйдегі күн тәртібі жайлы, тәрбиесі, дамуы және жеткен жетістіктері жайлы. Кеңестер беру. | | | | |
| Ойындар: үстел үсті, саусақ, сөздік, дидактикалық. Еңбек қызметі. | Таңғы шеңбер (музыка тыңдау – шығармашылық әрекеті) Ашық болсын айымыз, Биік болсын туымыз. Тату болсын халықтар, Тату болсын балалар! <i>Қазақстан Республикасының Ән Ұраны</i> Әңгімелесу: «Адал дос!» (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті, танымдық әрекеті) Мақсаты: «Дос», «достық» құндылығы туралы түсінік беру. Достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету. Адал дос, достаса білуге, адамгершілікке, сыйластыққа, үлкенді сыйлай білуге, үйретіп тәрбиелеу. Табиғат бұрышындағы, ойын бұрышындағы еңбек. (Қоршаған ортамен танысу – еңбек әрекеті) Мақсаты: табиғат бұрышында қандай еңбек жасау керек екенін біледі. Балықтарды, гүлдерді күтуде тәрбиешіге жан-жақты көмек көрсете алады. Апталық тақпақ: (көркем әдебиет – коммуникативті әрекеті) Досым саған сенемін, сеніп өтем! Жол бөтен демеямін, жөні бөтен. Достық деген – адамның көрген екен. Достық деген - ақылдың серігі екен. Сөздік қоры: қаңтар, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжіменсіз! | | | | |
| Таңғы гимнастика | Кешен № 22 «Көңілді жаттығу» | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|---|
| | <p>Мақсаты: баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.</p> <p>Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. (Физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті)</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету.</p> <p>Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру.</p> <p>Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша.</p> <p>Тақпақ: (қазақ тілі - коммуникативтік әрекеті, сөздік жұмыс: билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы)</p> <p>Ас - адамның арқауы, Тамақты ішкін күнде сен. Деген сөз бар ежелден, Белгілі бір мезгілде, Бойға сіңіп тарқауы (көркем сөзін қолдану)</p> <p>Сөздік қоры: рақмет!</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық | <p>«Салат» саусақ ойыны.</p> <p>Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)</p> <p>Үлкішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)</p> <p>Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)</p> <p>Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)</p> | <p>«Кірпі» жаттығуы</p> <p>Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)</p> <p>Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).</p> <p>Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма!</p> | <p>Ойын: «Гүл».</p> <p>Қолдар, саусақтар жоғары қарайды.</p> <p>Алақандар айпанақпен қосыла түптері өзара жанасалы, Саусақтар ашылады</p> <p>Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады:</p> <p>Саусақтар шынжыр болады, Үзілмейді тартсаңда. Ал, піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда. Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр. Достық үшін пілге мен, Гүл сыйлағым келіп тұр.</p> | <p>Үстел-үсті ойыны «Лабиринт» ойыны</p> <p>Міндеттері: ойлауын дамыту, логикалық байланыстарды нығайту және қолды жазуға үйретуге мүмкіндік беру.</p> | <p>Үстел-үсті ойыны «Тышқанды жасыр»</p> <p>Міндеттері: жануарлардың атауын, жануарлардың сыртқы түрінің ерекшеліктерін бекіту. Зейінді, байқағыштықты, реакция жылдамдығын дамыту</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|---|
| | Дәруменге байыған. (алаканымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді). | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | <p>1. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет, ойын әрекеті) Ойын: "Ойнайық" Міндеттері: коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету. Сөздік қоры: бірге ойнайық.</p> <p>2. (Қоршаған ортамен таныстыру- танымдық іс-әрекеті) Дид. ойын: «Барлық жерде қалай үлгеруге болады?» Міндеттері: әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, Сөздік қоры: көше</p> <p>3. (Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері)</p> | <p>1. (Сауат ашу негіздері - коммуникативті, танымдық әрекеті) – 5 жас Дид. ойын: "Дыбыс, оның сөздегі орны" Міндеттері: . Сөйлемді ауызша талдау. Сөздік қоры: аяз</p> <p>2. (Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Ойын: "Үстінде, астында-ішінде, сыртында, алдыңғы - артында, оң-сол жағында" Міндеттері Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Сөздік қоры: жоғары,</p> | <p>1. (Сауат ашу негіздері - коммуникативті, танымдық әрекеті) – 5 жас Ойын: «Кит» сөзінің дыбыстық талдауы. Міндеттері: Сөйлемді ауызша талдау. Сөздік қоры: қыс</p> <p>2. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет, ойын әрекеті) Дид. ойын: С. Есениннің «Қыс» өлеңін оқу Міндеттері әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету Сөздік қоры: Қыс, қар.</p> <p>3. (Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Дид. ойын: «Шеңбер және сопақ»</p> | <p>1. (Сауат ашу негіздері - коммуникативті, танымдық әрекеті) – 5 жас Ойын: "Буындардан сөздер құрастыру" Міндеттері: Сөйлемді ауызша талдау Сөздік қоры: үй, есік, терезе, дүкен, емхана</p> <p>2. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті, танымдық әрекеті) Дид. ойын «Менің күн тәртібім» Міндеттері: коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету. Сөздік қоры: қаңтар, Қайырлы таң!</p> <p>3. (Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, ойын</p> | <p>1. (Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Дид. ойын: "Нан қайдан келеді?" Міндеттері: Тілдік және артикуляциялық аппараты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру. Сөздік қоры: Нан, бауырсақ.</p> <p>2. (Қоршаған ортамен таныстыру- танымдық іс-әрекеті) Дид. ойын: "Әженің сандығы нені сақтайды?" Міндеттері: Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Сөздік қоры: Рұқсат па? Ренжіменіз!</p> <p>3. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік</p> |

| | | | | | |
|-----------------------|--|--|--|--|--|
| | <p>Дид.ойын: «Доп, текше және цилиндр» Міндеттері: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Сөздік қоры: Доп, текше.</p> <p>4.(Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Ойын: "Неше? Санау" Міндеттері: әңгімелесушінің тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету. Сөздік қоры: Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.</p> <p>5. (Музыка – шығармашылық әрекеті) (музыка жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша)</p> | <p>төмен, алыс, жақын.</p> <p>3.(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекеті) Ойын: «Тату отбасы» Міндеттері коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушінің тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету. Сөздік қоры: Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні, қарындас, әпке, сіңлі</p> <p>4. (Дене шынықтыру- физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті) (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> | <p>Міндеттері Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай осу және кему ретімен орналастыру. Сөздік қоры: шеңбер</p> <p>4. (Дене шынықтыру- физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті) (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> | <p>әрекеттері.) Ойын: "Заттар топтарын жою" Міндеттері: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) Сөздік қоры: қантар</p> <p>4. (Дене шынықтыру- физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті) (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> | <p>әрекет, ойын әрекеті) Дид.ойын: "Дұрыс тамақтану- шынығуға күш!" Міндеттері: Артикуляциялық жаттығулар жасау; дұрыс әріптерді айтуды үйрету Сөздік қоры: су, сорпа, тоқаш, ботка, дәмді, ащы.</p> <p>4. (Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Дид.ойын: "Заттардың теңдігі" Міндеттері Шартты өлшемнің көмегімен заттардың бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Сөздік қоры: Шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір.</p> <p>5. (Музыка – шығармашылық әрекеті) (музыка жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша) 5 жас</p> |
| № 1 серуенге дайындық | Серуен №22. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (физикалық белсенділігін дамыту) | | | | |

| | | | | | |
|-------------------|---|--|---|---|---|
| <p>№ 1 серуен</p> | <p>(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Бұршақты бақылау. Мақсаты: Бұршақ, домалақ ақ түсті болатыны туралы түсінік беру. Жұмбақ Ақ моншақтар сабалар, Қалмайды олар жанды аяп. Жатып - жатып жоғалар, Ешкім жинап алмай - ақ. Бұршақ (Көркем әдебиет-қарым-қатынас іс-әрекеті) Бұршақ-ірілі-ұсақ түйіршік мұз түрінде жауатын атмосфералық жауын-шашын. Жылдың жылы мезгілінде найзағай мен нөсер жаңбыр кезінде бірге түседі. Бұршақ мұз түйіршіктері ауаның тік бағыттағы өте күшті қозғалысы кезінде қалыптасады. Қатты жауған бұршақ шаруашылыққа үлкен зиян келтіреді. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен</p> | <p>(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Боранды күнді бақылау» Мақсаты: желді күнді қардың қозғалысы туралы түсінік беру. Бакылау барысы Тәрбиеші жұмбақ жасырады: Жерді тырнап, бұтаны ыргап, Шөпті сипап, ұшады зырлап, Жанын қинап, ұлиды зарлап. (боран) Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды Ақ көрпесін жапты да, Аяз кенет аптыға, Айналаны үрледі, Ақ бораны гуледі. Зерттеу жұмысы Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түттерін іздеп табу. Еңбек Бораннан соң ашылып қалған ағаш түттеріне қар үю. Мақсаты: Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қимылды ойын</p> | <p>(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Күнді бақылау» Мақсаты: Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру. Бакылау барысы Сұрақ-жауап Зерттеу жұмысы Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсесі кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа). Еңбек Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Жердің күнді айналуы». Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту. Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту «Шығырыққа лақтыру».</p> | <p>(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Қардағы құс іздерін бақылау» Мақсаты: қардағы құс іздерін тани білуге үйрету Бакылау барысы Еңбек Қардан қала тұрғызуға қар жинау. Мақсаты: Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру; Жұмысты жоспарлау. Қимылды ойын «Ізбе із». Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.. Жаттығу ойындары Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру.. Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту. Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады. Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады. Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.</p> | <p>Тікұшақты бақылау Мақсаты: <i>ауе көлігі туралы білімді бекіту.</i> Бакылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасайды, сұрақтарға жауап беруді ұсынады. Пырылдап көкте инелік, Инелік емес үй делік. Жауабы: Тікұшақ (Көркем әдебиет-қарым-қатынас іс-әрекеті) - Тікұшақ қалай көрінеді? (Үлкен, жоғарғы жағында үлкен бұрандасы бар.) - Тікұшақ инелікке қалай ұхсайды? (Сыртқы түрі.) - Тікұшақтар қандай? (Санитарлық-құтқару, әскери, жүк.) - Тікұшақты басқаратын адамның кәсібі қандай? (Ұшқыш.) - Сен тағы қандай көлік түрлерін білесің? (Жер, су, су асты.) - Тікұшақ пен ұшақтың айырмашылығы неде? (Ұшақтың жылдамдығы тікұшаққа қарағанда жылдамырақ; тікұшақ ауада ілінуі мүмкін, ал ұшақ жоқ; ұшу үшін ұшаққа ұшу жолағы</p> |
|-------------------|---|--|---|---|---|

| | | | | | |
|-------------------------------|---|--|---|---|--|
| | <p>таныстыру-қарым-қатынас, танымдық іс-әрекет) Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты: Үйілген қардың маңызын түсіндіре отырып, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа үйрету. Қимылды ойын: «Торғайлар». Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету. (Дене шынықтыру – дене қозғалысы) Жеке жұмыс: Қысқа байланысты жұмбақтар жаттату. Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тонады. (Қар). Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> | <p>«Желдірмен». Мақсаты: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау. Жаттығу ойындары Қимылдарды дамыту. Мақсаты: секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен). Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> | <p>Мақсаты: мергендіктерін дамыту. Мақал-мәтел: Туган жердің күні де ыстық, түні де ыстық. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> | <p>Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> | <p>қажет, ал тікұшақ орнынан тұра алады.) (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-қарым-қатынас, танымдық іс-әрекет) Еңбек қызметі Учаскені қардан тазалау. Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қимылды ойын: "Ұшақтар" Мақсаты: сөзбен жүгіру жаттығулары, көзді жұмып кеңістікті шарлауға үйрету. (дене шынықтыру – дене қозғалысы) Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p> |
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шақафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (еңбек әрекеті)</p> | | | | |
| <p>Түскі ас</p> | <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету.</p> | | | | |

| | |
|--|---|
| | <p>Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз, Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. <i>(сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті)</i> Ас ішіп болғаннан соң бата айтуға қалыптастыру Тақпақ: (Сөйлеуді дамыту – шығармашылық коммуникативтік әрекеті) Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейін Ықыласпен қол жайсаң Ақ тілекті төгейін Дастарханым мол болсын. Уайым қайғы жоқ болсын Денге саулық болсын Әумин!Рақмет алайлар! <i>(мәдени дағдылар)</i> Сөздік қоры: Рақмет!</p> |
| <p>Күндізгі ұйқы</p> | <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)</p> |
| <p>Біртіндеп ояну, сауықтыру шаралары</p> | <p>Кешен №22 (физикалық белсенділігін дамыту, музыка тыңдау – шығармашылық әрекеті) Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</i></p> |

| | | | | | |
|---|--|--|---|---|---|
| <p>Бесін ас</p> | <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу Мен жақсы тамақтандым, Сергекпін, күштімін. Көңіл күйім көтеріңкі, Өзімді жақсы сезінемін<i>(сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті)</i>. Тақпақ: (Сөйлеуді дамыту – шығармашылық әрекеті) Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейін Ықыласпен қол жайсаң Ақ тілекті төгейін Дастарханым мол болсын Уайым қайғы жоқ болсын. Сөздік қоры: рақмет!</p> | | | | |
| <p>Ойындар, дербес әрекеттер</p> | <p>6. (<u>Сурет салу</u>, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Дид.ойын: «Қызыл қоңыз» Міндеттері: Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақшаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра</p> | <p>5. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Дид.ойын: «Хайуанаттар бағы» Міндеттері: Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Сөздік қоры: аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян.</p> | <p>5. (<u>Сурет салу</u>, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Дид.ойын: «Сиырдың суретін салайық» Міндеттері: Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақшаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра</p> | <p>5. (Сурет салу, мүсіндеу, <u>жапсыру</u>, құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша)! Ойын: «Қар бүршіктері» Міндеттері: Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп кию, шаршыларды үшбұрышты етіп кию, шаршы немесе тікбұрыштың</p> | <p>6. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) Ойын: «Өткеншек» Міндеттері: Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Сөздік қоры: қайы, ауыл, көше, жол,</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|---|
| | білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру Сөздік қоры: жасыл, сары, қызыл | | білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Сөздік қоры: сиыр, бұзау | шеттерін киноды үйрету. Сөздік қоры: қар, қыс. | |
| Баланың жеке даму картасы бойынша балалармен жеке жұмыс | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту- әлеуметтік қызмет) Ойын: « Тоғанда кім тұрады? » Міндеттері: ауылшаруашылық білімін анықтау және нақтылау. Баланың ойлау және зейін қою қабілетін дамыту. Құрдастарымен ойнауға құлшынысын арттыру. 4 жас 1. Амангелді Нұрасыл 2. Әліхан Аяна 3. Байғарина Медина 4. Султан Баян 5. Дмитриев Елизар | Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Дид. ойын: « Алма ағаштарының Ханшайымь ертегісін оқу. » Міндеттері: шағын мәтіндердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. 4 жас 1. Есет Дінмухаммед 2. Жақсыбаев Алан 3. Жанайдар Аружан 4. Жамкен Айзере 5. Курманбаев Аяр | (Математика негіздері- коммуникативті, ойын әрекеті) Дид. ойын: « Сол сияқты. "Ерте", "тең емес" белгілері » Міндеттері: заттарды саны бойынша салыстыру қабілетін дамыту. 3 жас 1. Беркен Елхан 2. Нұғыман Карим | (Қоршаған ортамен танысу - коммуникативті, танымдық әрекеті) Дид. ойын: « Ағаштарды ата» Міндеттері: Ағаштар атау, өсімдіктерге күтім жасауға үйрету, олардың пайдасы және биік-аласа ұғымдарын ажырата білуді үйрету. Туған жерінің табиғатын қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу. 4 жас 1. Мұхиден Даулет 2. Нұрсейт Амина 3. Нұрмағамбет Нариман 4. Төлеген Айбике 5. Есмағанбетов Ансар | (Қоршаған ортамен танысу - коммуникативті, танымдық әрекеті) Дид. ойын: « Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Міндеттері: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінін тәрбиелеу, белсенділігін артыру. 5 жас 1. Мухамеджанова Асия 2. Кекенова Амина 3. Нұрғамиден Алинұр 4. Төлеген Алпамыс |
| Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы | 1. (Сөйлеуді дамыту- коммуникативті әрекеті) Дид. ойын: « Күн, ауа және су-біздің ең | 1. (Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Дид. ойын: « Қазақтың | 1. (Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Ойын « Ыдыс-аяқ | 1. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет, ойын әрекеті) « Әжемнің | 1. (Сөйлеуді дамыту- коммуникативті әрекеті) Ханс Кристьян Андерсен |

| | | | | | |
|------------------------------|--|---|--|---|--|
| | <p>жақсы достарымыз!» Міндеттері: суреттер арқылы сөйлемді құруды үйрету. Ермекұлы Ахмад</p> <p>2.(Құрастыру – танымдық әрекеті) Дид.ойын:«Жүк машинасы» Міндеттері: Балаларға құрылыс материалдарынан жүк машинаны құрастыруға үйрету. Құрастыру әдістерін қалыптастыру, әдемілікке тәрбиелеу. Базарбек Ерасыл</p> | <p>ұлттық тағамдары» Міндеттері: сәнді тағамдары неден жасалатынын таныстыру. Ермекұлы Ахмад</p> <p>2. Сөйлеуді дамыту- коммуникативті әрекеті) «Түлкі мен тырна» ертегісі Міндеттері: Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Базарбек Ерасыл</p> | <p>дүкені» Міндеттері: балаларға ыдыс-аяқты және оның мағынасын дұрыс атауға үйретуді жалғастыру. Ермекұлы Ахмад</p> <p>2(Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Ойын:«Үй жануарлары» Міндеттері:Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. «Қ», «І», «Ү», «Ы» дыбыстарының айтылуын үйрету. Базарбек Ерасыл</p> | <p>самаурыны» ертегісі Міндеттері:баланын тілін дамыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ермекұлы Ахмад</p> <p>2. (Сөйлеуді дамыту- коммуникативті әрекеті) «Сынық құмыра» ертегісі Міндеттері: ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салуғ, олардың сөзін дауыспен келтіре ету, диалогқа қатыса білуге үйрету. Базарбек Ерасыл</p> | <p>«Шәйнек» ертегісі Міндеттері: берілген тақырып бойынша диалогқа қатысу қабілетін дамыту. Ермекұлы Ахмад</p> <p>2. (Құрастыру – танымдық әрекеті) Ойын «Анама гүл сыйлаймыз» Міндеттері: Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Базарбек Ерасыл</p> |
| Кешкі ас | <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті) Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар, Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет!</p> | | | | |
| № 2 серуенге дайындық | <p>Серуен№22.Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу).(Физикалық белсенділігін дамыту)</p> | | | | |
| № 2 серуен | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Ағаштарды бақылау» | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Қарғаларды бақылау» | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Қар ұшқындарын бақылау» | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Қар тазалайтын | (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Қарды бақылау» Мақсаты: Қыс аяғында |

| | | | | |
|---|--|--|---|---|
